

“ӨТІРІК ҚОСТЫМ ІШІНЕ...”

яғни, Қадыр Мырза Әли кейіптеген Ілияс Есенберлин

Құрметті Қадыр!

Қалай бастарымды білмей отырмын. Сен мені өте қолайсыз жағдайда қалдырдың.

Айтпайын десем, ағамның құны кетіп барады. Айтайын десем, сенің құның.. емес, бәсің біраз төмендейтін тәрізді. Ақыры, ойлап қарасам, мәселе өгіз бен арбада емес екен. Ағам қайткенде де өзінің халық берген, тарих тағайындаған орнында тұрады, сірә, сенің ақындығыңа да көлеңке түспес. Демек, айту керек. Айтпасақ, салмағы бізде қалады екен – мәкүрік дейді ғой қазақ, көңілдегі кірлі түйткіл. Және жалғыз бізге ғана қатысты кеп емес. Арыстанымыз мынау болса, тышқанымыз қандай демей ме бүгінгі үлкендер, ертеңгі кішілер. Бірер адамның – сенің немесе менің көңіл ауанымызға емес, жалпақ жұрттың ұлағат туралы танымына, өзінің өткен тарихтағы тұлғаларының бітім-болмысы туралы ұғымына қатысты, аса мәнді кілтипан.

Сен қартаймай-ақ жорға шығып, соңғы үш-төрт жыл орайында бұрын өзің қалам тартпаған жанрда қатарынан екі кітап жазып тастадың. Мұның біріншісі – “Жазмыш” деп аталады, бірақ мұнда ешқандай жазмыш жоқ, арғы-бергі, әрқилы халық ортасынан шыққан жазармандар туралы деректі-дерексіз, өтірікті-шынды, дүмбілез-күмәнді, өсек-аянды, қайткенде де өзі де қалам ұстаған азаматтың тергіштеп жинақтауы қолайсыз, әнтек, шетін жағдайлар жиынтығы ғана. Және іждағатты студенттің көшірме конспектісі сияқты соншама деректен шығатын белгілі бір түйін, өмір, тағдыр туралы толғам болса ғой. Жоқ. Жалғыз-ақ қорытынды – бұрынғы-соңғы ақын, жазушы атаулы түгел азған, тозған жұрт екен-ау деген түңіліс, түңіліс емес, жиреніш қана. Үңіле қарасаңыз, бұл сезім өткендегі “азғандарға” емес, осы кітап авторының өз басына қарай ауып кетуі де ықтимал екен. Өйткені, Қадыр бауырым, сенің бұл кітапты жазудағы басты мақсатың – әйтеуір қаралай беру сияқты. Басқаны былай қойғанда, өзінді әлпештеп, асқақтатып, осынша мәртебеге жеткізген қазақ халқының ұлттық рухының бірден бір айқын көрінісі, әлемдік деңгейдегі әулие Абай есіміне көлеңке түсірмек былғаныш әрекетінді қалай бағалау керек? Мінеки, сенің шын атыңды шығаратын ерекше лепесің:

“Абай – ақындығын былай қойғанда – қазақ қоғамының ең күрделі тұлғасы... Бір өлеңінде ол “Мен ішпеген у бар ма? – дейді, көкірегі қарыс айырылып. Бұл тармақты тек қана былай түсіну керек деп кесіп айта алмайсың. Ол көп мағыналы. Қалай түсінуіңе де қақың бар. Бейнелі ойы да, турасы да солай болуы мүмкін. Замандастарының көбі куә, ұлы ақын арағыңды да ішкен. Несі бар ішсе! Ішпей-ақ өртенгенше, ішіп өртенсе

несі айып?! Оспан өліп, Әбіш өліп, арманы аласапыран, ойлары ойран болып, шыбын жанын қоярға жер таппаған дала данышпанына наша тартса, қайтіп кінә тағасың? Ол немене, соның бәрін еріккеннен істеп пе екен?! Жоқ! Ол тағдырдың ісі. Ол – жазмыш, бауырым!” (Жазмыш. “Қазығұрт” баспасы, 2001, 110-бет).

Өнері ғана емес, өмірі де мәңгілік үлгі, адамдық пен адалдықтан ғана жаралған, мінезі кесек, болмысы мінсіз ұлы Абайға соншама күйе жағып отырып, артың қуыс, “жазмыш” деген, дерексіз, жалғыз сөзбен құтылып кеткің келеді. Сонда сенің осыншама имансыздығың да “жазмыш” па? Мұндай жалалы өтірікті қайдан таптың? Сенімен оңаша сырласып, ешқашан болмаған құпияны айғақтаған, нақты куәлік берген Абайдың қай замандасы? Рас, ақылсыз ұл Турағұлдың бірде Семейге барғанда әлдебір байдың мол дастарқанына арақ-шарап қойылғаны, жұртпен бірге әкесінің де дәм татқаны туралы айтқаны бар. Бірақ сенің осы кітабыңда, одан кейінгі кітабыңда масқаралайтын “алқаштарың” сияқты, аузынан ақ көбік ағып, жығылып жатты, ауылға арақты түйемен артып әкелді деген дерек жоқ. Ал наша... Желтоқсан оқиғасынан соң бүкіл қазақ нашақор, бұзық болған кезде, “басқаны былай қойғанда, әулиелеріңнің сиқы мынау” деп, тұтас бір ұлтты қорлау, кемісіту үшін ойлап табылған жалалы сөзді қайта тірілткен сиқың. Құдайдан қорықпаған қазақтың өзі аруақтан именуші еді. Сен тым ірі шығып отырсың. Бірақ белгілі мақалға керісінше, тірі тышқан ешқашан да өлі арыстанмен теңесе алмайды. Қайткенде де бұл әңгімені қозғамай-ақ, аруақ өзі табар деп қоя салуға болар еді. Қоя салып едік. Бұл екі ортада сенің дәл осы тұрпаттағы екінші кітабың шықты. “Иірім” деп аталады, “Атамұра” баспасы, 2004. Біздің бастау сөз және бұдан кейінгі бар лепесіміз осы кітапқа қатысты, сен әшкерелеген әлдебір алқаш, наркоман туралы әңгіме жол жөнекей, амалсыз айтылды, сонымен қатар, кіріспе сөзімізде сенің дүниетанымың туралы жалпы түсінік бере кету қажет тәрізді көрінді. Қарық болдық! “Түйені жел шайқаса, ешкіні аспанда көр” демекші, қалған қазақтың қандай болмағы айтпаса да түсінікті.

“Жазмыш” негізінен басқалар қалдырған кітаби деректерге құрылса, “Иірім” автордың өзі куә болған, немесе өз құлағымен естіген жағдаяттары төңірегіне құрылған. Яғни, естелік сыпатты. Кітаптың жалпы құрылымы туралы айтар болсақ, мұнда не хронологиялық, не тақырыптық жүйе жоқ, әлденендей композициялық желі де байқалмайды, әйтеуір мыйдай араласып жатқан қойыртпақ. Шынын айту керек, бұл қойыртпақ ботқа асқазанға жақпаса да, бір көрімге тартымды. Яғни, жақсы оқылады. Қызығып оқымасқа немене. Кеше ғана арамызда жүрген, көз көрген, көрмесек те тіршілігін сырттай таныған, шығармаларын білетін атаулы кісілер. Тек... сол шіркіндердің бірлі-жарымы болмаса, көпшілігі кәкәй екен. Әрине, мінсіз пенде жоқ. Бірақ тек қана мінін теріп шықса, өліден де, тіріден де сау кісі қалмайды. Бұған да көнейік. Біреу “кемеңгерлігін” әйгілеген, сіз “кеселін” көрсеттіңіз. Тәп-тәуір адам еді, бірақ мынандай иттігі болды деп. Немесе, ерекше бір жағдайдағы әлсіздігін айтып. Тек шындық болсын!

Әлбетте, кез келген естеліктің жолы ауыр. Әсіресе, отарлық сана, құлдық қоғамнан жаңа ғана құтылған, әдебиеттегі ақиқаттың мән-мағнасын толық байыптай алмай жатқан біздің қауым үшін. Солайы – солай ғой, бірақ айтып керегі не деседі. Керек. Қажеттіліктен туса. Замана ауқымын, адам сырын ашатын болса. Шындық – әдебиеттің алтын арқауы. Көркем шығармада көркемдік шындық, деректі шығармада деректі шындық. Естелік жазбаның құндылық өлшемі де осындай нақтылық. Ойдан шығарылған қисынды, қисынсыз өтірік емес. Осы тұрғыдан алғанда, сенің естелік кітабың – ешбір өлшемге сыймайтын өзгеше құбылыс – опак пен сопақ демеске болмайды.

Естелік кейіпті жинақ лениншіл “Жас алаш” газетінде тұтас бір жыл бойы тарау-тарау, үзік-үзігімен жарияланды, кітап болып шыққаннан кейін де тоқтаусыз басылып жатыр. Бұрын “Қазақ әдебиетін” – газетті және бүкіл қаламгер қауымды былғап кеткен шалағай жазарман, түйсіксіз журналист Жүсіпбек Қорғасбеков басшылығына барғалы Алаш азаматтарын қаралау, ұлттың ұлағатты ұлдарын ғайбаттау тарабында аса өнімді жұмыс жасауға көшкен, сол үшін де парасатты баспасөз бетінде “былапытхана” атанған “Жас алаштың” көктен тілегені аяқ астынан табылып, қарық болды да қалды. “Қадыр Мырза Әли... өз сөзіне кез келген уақытта жауап бере алатын, жауапкершілік сезімі өте күшті суреткер” деп алақайлағанымен, өздеріне “хат жазып, телефон шалып, пікір білдірушілер өте көп” екенін айтып, және бұл пікірлердің түгелі болмаса да бірталайының ренішке құрылғанын аңдатып қалады. “Біз әдетте белгілі адамдардың... жеке өмірінің нәзік қалтарыстарына көп үніле бермейміз. Ұлы адамдар бойындағы кемшілікті де айта алатын адамдар айтады, оны ұқсатып айта білудің өзі, керек болса, бүгінгі, келер ұрпақ үшін де зор тағылым...” деп, “Иірімді” осыншама дабылдатып жариялау мақсатын айғақтай келе, қиялай тартып, “жақсылар мен жайсаңдарымыз жөнінде жаңсақ айту да автордың ойында жоқ деп білеміз” деп, бұлаң құйрыққа салады. Бірақ газеттің дәл осы санында (27.XI.2003) берілген, академик Әлия Бейсенова–Қирабаеваның ренішті хатынан мүлде басқаша қорытынды түюге мәжбүр боламыз. Бүгінгі қазақ әйелінің үлгілі тұлғасы ретінде танылған, көпті көрген, білімдар жеңгеміз “Иірімдегі” қисынсыз, бірақ “қызғылықты” бір хикая туралы: “елдің өсегіне сүйеніп жазылған”, “шын мағнасындағы өсек болып қалыпты”, “ойға сыймайды”, “жалған”, басқасы болар, дәл мынау – мүлде болмаған әңгіме деп, жай ғана реніш емес, өзі нақты білетін жағдаятты баяндай келе: “Ұлы талантымен әлемдік даңққа жеткен Күләшті осындай өсекпен былғамасақ, естелік жазылмай ма?” – деп күйінеді, ақыр соңында: “Қадырдың... еңбегіне табыс тілеймін. Тек өсек емес, көргенін жазса деймін,” – деп түйіндейді. Қадыр бауыры әпкесінің ұлағатты сөзінен “тиесілі” қорытынды шығарып, өзі ойлап тапқан әңгіме кейіпкерінің есімін осы, соңғы басылымда “бүркемелеп”, инициалымен ғана береді. Қалған, “кейіпкерлер” өз орнында! Тапқырлықтың керегі осындайда.

Ардақты ақынымыздың екінші бір өсегі, өсек емес, Әнуар Әлімжановқа қатысты өтірігі жөнінде Ғаббас Қабышұлы жазған еді (“Жас алаш”, 18.III.2004).

Бұл қос мақала “Иірімге” байланысты газет редакциясына түскен манағы “көп пікірдің” ұшығы ғана болса керек. Енді міне, кітап та шықты, түйе жаңа ғана сойылып жатыр, қуырдақтың үлкені алда.

Біздің қуырдақ мүлде басқа. Атау кере емес, дәм тату ырымы ғана. Онда да бір-ақ адамға – жоғарыда, сөз басында айтқан аяулы ағамызға қатысты. Бір бізге емес, бүгінгі көзі тірі, атақ-дәрежелі ондаған қаламгерге аға, жүз, мың емес, өткен және жүрген бірнеше миллион қазақ оқырманына үлгі, қазақ руханиятының тарихындағы қайталанбас бірегей тұлға. Ілияс Есенберлин еді ол Кісінің аты! Жақсы білген, жақын жүрген 1967-1983 жылдар – өмірінің соңғы, ең жемісті, ең ауыр кезеңіне тікелей куә болған қаламдас, пікірлес, тілектес інісі ретінде дәл осы жолы дауыс көтермей қалсақ, бәрібір Қадыр абырой таппас еді, Ілекеңнің ештеңесі кетпес еді, алайда жалған сөзді үнсіз мақұлдағандай, аруақ алдында күнәкар болар едік.

Жә, бәрін де рет-жөнімен айтайық. Жұртшылық нақты байыптау үшін, және естелік авторы өкпе артпасын деп, “Иірімде” Ілияс Есенберлин туралы айтылған кепті түгел келтірейік. Кітаптың басынан түсіп, бар жүйесімен. Тек тәп-тәуір жазылған арнау өлеңді ғана іріктік. Өлең атаулының өз бітімі бар. Біздің сөз тек естелік туралы. Айтқанымыздай, ештеңесін қалдырмай, түгел теріп алдық. Автор жасаған суреттің тұтастығы бұзылмасын деп, бөлшектемей, бәрін тізбектеп, бірге бердік. Тек сөз барысындағы жеңілдік үшін өз тарапымыздан әрбір үзікті жеке-жеке нөмірледік.

Сонымен, кезінде Қадыр Мырзалиев таныған, енді Қадыр Мырза Әли кейіптеген Ілияс Есенберлин мынандай екен. Қожанасыр атамыз айтпақшы, бұрын оқығандарыңыз қайыра оқыңыздар, бұрын оқымағандарыңыз екі мәрте пысықтаңыздар. Ал, кеттік...

(1). “Әнуар Әлімжанов “Қазақ әдебиетінің” редакторы болып тағайындалды... Енді оның аяғы үзеңгіге салулы. Бір секірсе армандаған арғымағына отырады. Осы күйде ол ұзақ жүрген жоқ. Кезекті бір пленумда бірінші хатшы боп шыға келді. Ілияс Есенберлин де үміттенген екен, бірақ ол екінші хатшы боп сайланды...

Әнуар Әлімжанов, ниет қылса, кез келген адаммен тіл табыса алатын тәп-тәуір жігіт еді. Бірақ оның түбіне жеткен Ілияс Есенберлин болды. Көпті көрген кәрі түлкі аңғалдау Әнуарды қалаған жауына айдап салды да отырды. Мен оның қарауында екі-үш жыл жұмыс істедім. Сол аз ғана жылдар аралығында Ілекеңнің талай-талай абыройсыз әрекеттеріне куә болдым. Рас, ол маған жамандық жасаған жоқ. Бірақ басқаға жасаған қиянаттарын өз көзіммен көрдім. Мен “Жазушы” баспасының поэзия редакциясын басқарып жүрген кезде Шәміл Мұхамеджановтың шағын бір томдығын шығардық. Ол менің қарауымда аға редактор болып қызмет істейтін. Бәрімізден де стажы үлкен. Бала-шағасы көп. Тұрмысы жұпыны. Соның әлгі шыққалы жатқан кітабының әр тармағына сол кездегі бір сом

қырық тиыннан қаламақы қойғанмын. Оны бір сом жиырма тиынға түсірді. Директордың сөзі – соңғы сөз. Менің қолымнан ештеңе келмейді. Менің қолымнан келмеген нәрсе Шәмілдің қолынан мүлдем келмейді. Бірақ “алашағым кетсе де, айташағым кетпесін” деген мәтел бар емес пе?! Бірер күннен кейін баспаның ұзын дәлізінде жігіттер шылым шегіп тұрған-ды. Қасымыздан Ілекең өтті. Сол сәтте Ілекең қолын беріп амандасып жатқан Шәміл:

– Ілеке-ау, менен үнемдеген жиырма тиынмен қай жықтығыңызды жамайсыз? – деп қалды.

– Сен де жамамайсың. Бәрібір ішіп қоясың! – деді Ілекең қабағын түйіп.

– Ілеке, Сіз мені білмейді екенсіз ғой. Мен ешқашан өз ақшама ішпеймін! – деді Шәміл. Директор оны естісе де, естімеген болды.” (70-71-беттер).

(2). “Бірде, бұл енді Ілияс Есенберлиннің Жазушылар одағында екінші хатшы болып істеп жүрген кезі, кабинетіне кіріп сөйлесіп отырған едім, асығып-үсігіп шофері келді.

– Ілеке, менің анам мына Талдықорған қаласында тұратын. Түн ішінде дүние салыпты. Соған барып, өз қолымнан жерлеп қайтуға рұхсат етіңіз! Бір-екі күнге машинаңызды бере тұрыңыз!

– Әрине! Әрине! Адамның анасы күн сайын өлмейді. Бара ғой! Бар! – деді. Ілекеңнің мынадай елгезектігіне, жанашырлығына ішім жылып қалды. Бірақ анасынан айрылған қаралы азамат рахметін айтып кабинеттен шыға бере Ілекең көмекшісіне телефон соғып: – Ана Тайыр кетіп қалмай тұрғанда ұста! Талдықорғанға барып қайтуға рұхсат сұраған, барсын! Бірақ машинаны берме! Шешесі өлгендердің бәріне бірдей көлігімді бере берсем, өзім не мінем?! Бар! Тез! – деді. Осы сөзді естігенде жаңа ғана жылып сала берген ішім қайтадан суып қоя берді.” (71-72-беттер).

(3). “Директордың қолындағы мүмкіндікті Ілекең жүз пайыз, тіпті одан да артық пайдаланды. Оның ең үлкен максаты, басты арманы – Лениндік, құрығанда Мемлекеттік сыйлықты алу еді. Оның алдында ол Ғабит Мүсіреповпен қатар түсіп, Республика сыйлығын “жеңіп” алған. Ұлы классіміз Ғабит ақсақал бұл жолы Ілияспен дұрыстап тіресуге жарамады. Бірақ Мәскеу мінез көрсетті. Бұл жолы “жолы болғыш” қазақ жазушысы грузин жазушысы Нодар Домбадземен қатар түсті. “Алтын Орда” менің түсінігімде, Ілекең шығармаларының ішіндегі ең сүйектісі, ең мықтысы. Бірақ Нодар Думбадзеге төтеп бергенмен, Эдуард Шеварнадзеге төтеп бере алмады. Ал Шеварнадзе Думбадзенің досы, құдіретті басшы. Сөйте тұра, Ілекең де оңайлықпен беріле қойған жоқ. Ол Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар комитетінің бүкіл мүшелеріне арнайы хат жолдады. “Маған дауыс беріңдер!” деп емес, әрине. “Қай кітабыңыздың қазақ тілінде жарық көргенін қалайсыз? Біз сол дүниенізді тездетіп шығарып берелік” деп хат жазды... Мұның бәрі нысанасын тапқан мергеннің оқтары еді! Оған мен өзім куәмін. Бірақ қазақтың қулығынан грузиннің қулығы басым түсті. Нодардың кітабынан титтей

кем емес “Алтын Орда” сыйлыққа ілікпей қалды. Ал Ілекең жүз пайыз сенімді еді.

Бірде Орталық Партия Комитетінің екі бірдей хатшысы келіп, Қазақстан Жазушылар одағының кезектен тыс пленумын өткізді. Әнуар Әлімжанов пен Ілияс Есенберлинді орындарынан босатып, Жұбан Молдағалиевті бірінші хатшы қылып сайлады”. (72-73-беттер).

(4). “Мен өзім көп жылдар бойы Жазушылар одағының қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы болып қызмет атқардым. Барынша әділ болуға талпындым... Әнуар Әлімжанов дәуірінде Қабылдау комиссиясының төрағасы Ілияс Есенберлин болды. Мен сол баяғы жауапты хатшы болып жүрдім. Комиссияның кезекті бір мәжілісінде көп арыздың бірі ретінде Әбулахап Райымбековтың да өтінішін қарадық. Жалғыз мен ғана қарсы болдым. Бірақ қолымнан ештеңе келмеді. Әбулахап қабылданды. Жібі түзу бір тармағы жоқ біреу қасиетті одаққа мүше боп шыға келді. Бір аптадан кейін Ілияс Есенберлин мені жауапты хатшылықтан босатып, менің орныма Ахат Жаксыбаевты отырғызды. Кейіннен түсіндім. Сөйтсек бұл алдағы съезге алдын ала дайындық екен. Жазушылар одағына шын ақын, шын жазушы емес, өздеріне дауыс беретін пенделер керек болғаны ғой!” (91-бет).

(5). “Ілекең бір адамды ғана ұнатпай, бір адамды ғана жек көріп қойса, ештеңе емес, топ-тобымен де жоққа шығара беретін. Мысалы, Ғафу Қайырбековты адам ретінде, ақын ретінде де қабылдамайтын. Себебін кейін анықтадым. Бір кездері Ілекеңнің өзі де баспада істеген. Сол кезде ешқашан орнында отырмайтын ағасы туралы Ғафекең:

Кеше келсең – жүз қырық үш,

Бүгін келсең – жүз қырық үш,

Осылай жұмыс істейді

Есенберлин деген бір ішкіш! –

деп жазып кетіпті.

Бұл – болған оқиға. Солай деп куәгерлер айтады. Ренжуге, өкпелеуге болады. Бірақ сол үшін жек көру – менің ақылыма сыймайды. Және Ғафуды ғана жек көрсе ештеңе емес-ау. Ғафу үшін Ғафудың бүкіл жерлестерін жек көретін. “Қойшы, соларды! Шетінен маскүнем!” деп отыратын”. (93-бет).

(6). “Лениннің жүз жылдық мейрамына байланысты бүкіл Одақ бойынша үздік қызметкерлерді жаппай марапаттау басталды. Соның ішінде біздің поэзия редакциясы да назардан тыс қалған жоқ. Тұманбай екеуміз медаль алдық. Сағиға грамота берілді. Бұл мәселеге біздерді, редакция меңгерушілерін араластырмай Ілияс Есенберлин өзі ғана шешкен. Әшейінде ештеңеге мән бермейтін жуас Сағи осы жолы мінез көрсетіп, ренжіп қалды. Марапаттау грамотасын жұрттың көзінше жыртып-жыртып қоқысқа лақтыра салды. Кім екені белгісіз соны біреу директорға жеткізіп үлгерсе керек. Есенберлин милиционер шақыртып Сағиды қаматып тастады. Біз не істерге білмедік. Бір кезде Әдеби қордың директоры Сағидың қатарлас досы Әбдірашид Ахметов келе қалды. Түнеріп отырғанымызды бірден байқап:

– Неге көңілсіз отырсыздар? – деді.

Біз болған оқиғаны баяндап бердік.

– Ақымақ! – деді Әбекең. – Ақымақ!

Оның кімді ақымақ дегенін кейін түсіндік. Кімдермен байланыс жасап, кімдерге не дегенін бір Құдай біледі, Әбекең бір сағаттың ішінде Сағиды қамаудан босатып алды.” (183-184-беттер).

(7). “Жалпы Ілияс Есенберлин шындық, әділдік, логика деген ұғымдарға мән беріп жатпайтын. Не істеймін десе соны істейтін. Республиканың кезекті мерекесінде үкіметіміз біраз жазушыны ордендермен, медальдармен марапаттады. Сонда біздің буынға деп бөлінген “Құрмет белгісін” әдебиетімізге еңбегі сіңген, елімізге әбден белгілі болған бірде-бір ақын-жазушыға бермей, өз романдарын орыс тілінде жолма-жол аударған Төлеу Шаханов деген орыс тілді жас ақынға бере салды. Ал еңбегі сіңген ағайындар далада қалды.

Осындай әділетсіздік әдебиет үшін туып, әдебиет үшін еңбек етіп жүргендерді қорлау емей немене! Олар қашанғы төзеді, қашанғы шыдайды?! Мың күн сынбай, бір күні сынар шөлмек. “Құдықтың сыртындағының бәрі ақылды” дейді халық. Өз басыңнан кешірмеген соң білмейсің. Сондықтан да Сағи сияқты момын да биязы ақындардың әрекеті біреулер үшін оғаш көрінеді, әрине! Шынында сол Сағи қой аузынан шөп алмайтын жуас, өте сыпайы азамат, нәзік ақын болатын”. (184-185-беттер).

(8). “...Тоқаш Бердияров... “Жұлдыз” редакциясының бес-алты қызметкері отыратын кең бөлмесі. Соның қақ ортасына келіп тоқтады. Әбден ішіп алған. Қып-қызыл. Күп-күрең. Неге екені белгісіз, бес-алты сөзді немісше айтты. Олары қазір есімде жоқ. Содан соң оң аяғын тіп-тік көтеріп, сол аяғымен қозғалмай ұзақ тұрды. Мас адам түгіл, сау адам құлап кететін қалып. Мұртын әрлі-берлі ойнатып, айбат шекті. Жақындап бір үстел үстінде жатқан ұстараны алды. Уысына салып мыжғылады. Алақаны қып-қызыл қан болды. Содан кейін енді не істесем екен деп, біраз аңырып тұрды. Тұрды да былш еткізіп еденге түкірді. Тәлтіректемей тұп-тура басып шығып кетті.

Біреу ойбайлады, айқайлады... Айнала қараймын – ешкім көрінбейді. Екінші қабатқа жүгіріп шықсам... Өз көзіме өзім сенбедім. Сол Тоқаш Ілияс Есенберлиннің оң қолын артына қайырып, Жазушылар одағының екінші хатшысын қинаудайын қинап жатыр. Жетіп барып, жабыса кеттім. Хатшыны аяған ештеңем жоқ. Қаусаған кәрі адамды аяп кеттім. Осы да жетер дегендей, мен араша түскеннен кейін Тоқаң оны оп-оңай қоя берді. Ілияс Есенберлин тез-тез кабинетіне кіріп кетті. Тоқаш маған қабағын түйіп:

– Ара түспейтін адамға ара түсіп нең бар еді! – деді. Соны айтты да, милиция келіп қалады деді ме екен, тайып тұрды”. (196-197-беттер).

(9). “ ... Жазушылар одағы жазушыларға арнап тағы бір үй тұрғызды... Үйді бөлгенде Ілияс Есенберлиннің ақылымен өңшең ішкіштерді бір подъезге жіберіпті. Сол бірінші подъездегілердің арқасында бұлар ак

үйдегі алкаштар деп аталды. Біздің үйдегілерге сары үйдегі сарандар деген атақ берілді.

Ақ үйдегі алкаштардың ең үлкені Тәкен Әлімқұлов. Обалы не керек, ол көшеге шықпай өз пәтерінде ішеді...

Ақ үйдегі алкаштардың негізгі ұйытқысы Хизмет, Қуандық аға, Шәміл, Оспанхан, Бекен. Оған кейін Нұтфолла Шәкенов келіп қосылды. Солардың бүгінде тірі қалған бірі жоқ. Дүние салған. Әңгіме қылудың өзі ұят. Бірақ естелік өлі-тіріге қарамайды..." (256-257-беттер).

Міне, осындай керемет! Ерекше әңгімелердің мазмұны мен мән-мағнасы, астары мен уытын айтпағанда, автордың өз атынан берілген тікелей мінездемелер қандай! "Кәрі түлкі", "талай-талай абыройсыз іс-әрекеттері", "жасаған қиянаттары", "бір адамды ғана ұнатпай, бір адамды ғана жек көріп қойса ештеңе емес, топ-тобымен жоққа шығара беретін", "шындық, әділдік, логика деген ұғымдарға мән беріп жатпайтын, не істеймін десе соны істейтін", "әділетсіздік... қорлау..." Кітаптың ұзына бойында, әр тұста сыналап берілген "естелік" әңгімелерді жинақтап, екінші қайтара оқып шықсаңыз, әлгі мінездемелердің тым сыпайы, әдепті қалпын танығандай боласыз, шын Есенберлин – адамның азғаны, екі жүздінің жүйрігі, зұлымның сұмпайысы, қиянатшыл қаскүнем – бір сөзбен айтқанда, көрген түгілі естіген түңілетін жиренішті құбыжық болып шығады. Бірақ... Қадыр бауырым, сенің бар есебің шолақ, шолақ емес, мүлде жаңсақ шыққан. Сен Ілияс Есенберлиннің жазушы екенін ұмытып кетіпсің. Және жазушы болғанда қандай! Советтік тоталитарлық, отаршыл, зорлықшыл заманда құлдық қамытында отырған, тарихынан, рухынан айрылған халықты қайта көтеруге, оның өткенін танып, болашақ жарыққа ұмтылуына, ұлттық санасының қайта жаңғыруына өлшеусіз үлес қосқан ардагер, қаһарман жазушы. Екінші қателігің – Ілекең тіршілікте жалғыз еді, енді артында ешкімі жоқ деп ойлапсың. Тіршілікте жалғыз емес еді, тілектес, сүйеніш, қанаттас, қаламдас, қарулас қаншама інісін айтпағанда, бірнеше миллиондық қазақ деген халқы болды. Сол халық әлі өз орнында, сол інілердің көбі әлі де ат жалында. Үшінші, жүзінші, ең басты қателігің – Ілияс Есенберлин туралы айтылған мынау тоғыз бөлек әңгімең түгел өтірік. Жай ғана өтірік емес, бықсыған өсек емес, көпе көрнеу жала. Түгел ойдан шығарылған. Бұрмаланған, әсіреленген, теріп алынған емес, бастан-аяқ дүмше қиялдан туған қисынсыз өтірік.

Әлбетте, кез келген естелікте жаңсақ деректер ұшырасуы мүмкін. Аңдаусыздан, немесе білместіктен. Кемшілік болса да күнә емес. Ал сендегі жаңсақ деректердің өзі белгілі бір мақсатта – кісіні қаралау бағдарында қызымет етеді екен. Басын кері бұрып, оның үстіне тұздықтап жібересің. Мәселен, Мұқағалиға, Жұмекенге... өзіңнің журналдағы, баспадағы жұмыстарына байланысты жағдаяттар. Мұның бәрін түгендесек, сөзіміз басқа тарапқа ауып кетер еді. Әу баста айтсақ та, әлі жете алмай келеміз, біздің сөз – Ілияс Есенберлин турасында ғана. Есенберлин емес, сенің ол кісіге қатысты жазбаларың жайында. Енді, осы, естелік деп айтуға келмейтін, сыйықсыз тоғыз өтіріктің әрқайсысына рет-ретімен, жеке-жеке тоқталайық.

Сенің бүкіл естелік кітабыңда не хронологиялық жүйе, не тақырыптық үйлесім, не ой, толғам тұтастығы жоқ, әйтеуір қожыр тасқа сұйқылтым тезек жапсырып, үйме-жүйме қалай берген қотыраш құрылыс. Осыған орай біздің сөзіміз де жамау-жасқау, көже қойыртпақ болып жатса, ешқандай оғаштығы жоқ. Сенің мақсатың – Есенберлинді қаралау еді ғой, біздің мақсатымыз – керісінше, сол күйенің басқа бір кісіге тиесілі екендігін айғақтау. Демекші, бұл сөзді бірінші айтқан біз емес, әдетте қазаққа жаны аши қоймайтын орыс тілді басылымдардың бірі – “Новое поколение” газеті. Сенің Ілекең жөнінде “Жас алашта” жарияланған жазбаларыңды “дешевое охаивание”, “бред” – арзан сандырақ деп бағалай келе, “партиялық қатаң диктат заманында ұлы бабалардың асқақ рухын әлемге танытқан, қазақ халқының ұлттық мақтанышы һәм тарихи санасының айғағы ретінде танылған, жаны жайсаң, мінезі кішіпейіл Есенберлин марқұмға онымен қаншама жылдар бойы қатар еңбек еткен, қол алысып амандасып, кейде бір дастарқаннан дәм татқан кісінің соншама кір жағуы” – ақылға сыймайтын жағдай деп бағалайды. Және дәл осы ретте “бұл екеуінің қайсысы “қу түлкі” екенін аңдау қиын емес” деп түйіндейді (Амантай Ахетов, “Новое поколение”, 28.XI.2003).

Хош. Өз қотанымызға қайтып оралайық. Манағы, атап таңбаланған ретімен.

I. Ілияс Есенберлин туралы әуелгі әңгіме – Әнуар Әлімжановтың Жазушылар одағына бірінші хатшы болып тағайындалуынан басталады. “Кез келген адаммен тіл табыса алатын тәп-тәуір жігіт еді” дейді. Мұның алдындағы әңгімеде онша тәуір кісі емес. Керісінше, жалақор, пәлекор, интриганның нақ өзі. Өйтіп-бүйтіп, Одақтан ысырып, орнын өзі алу үшін бұрынғы бастық Әди Шәріповтың үстінен арыз ұйымдастырған, бұл арам іске бірталай кісіні, оның ішінде Қадырдың өзін де ілдірген. Енді тәп-тәуір бола қалады. Әнуардың өзін жақсы көрсету үшін емес, Есенберлинді жамандау үшін. “Оның түбіне жеткен Есенберлин болды. Көпті көрген қу түлкі аңғалдау Әнуарды қалаған жауына айдап салды да отырды”, – дейді.

“Әнуардың түбіне жеткен Ілияс емес” – бұл – белгілі сатирик жазушы Ғаббас Қабышевтің “Жас алашта” басылған (18.III.2004) арнайы мақаласының аты. Соңғы жылдарда ұлт тағдырына қатысты шынайы әрі батыл мақалалар жазып жүрген Ғабекен ол кезде Жазушылар одағында жауапты қызмет атқаратын, бар шаруаның басы-қасында болған. Мінезі кіді, турашыл Әнуар Ілияс Жансүгіровтың мерейтойын өткеру кезінде орын алған келеңсіз істер туралы партиялық үлкен басшылық атына сын айтады. Бұл жағдайға бұрынғы “кінәлары” қосылып, Одақтан ысырылған. “Содан бастап Әнуар қақпақылға душар болды. Анау қызметке, мынау қызметке ауыстырылып, ақырында жұмыссыз қалды. Яғни, Әнуардың “түбіне жеткен” Есенберлин емес, ол жете алмайтын да. Әлімжановтың да, Есенберлиннің де түбіне кімдер жеткенін Қадыр менен жақсы біледі, тек оны айтуға жоқ”, – дейді, “Қадырдың көпе-көрнеу жаңсақ сөйлегеніне қайран қалдым”, – дейді.

Бұл мәселені, оның ішінде Әнуардың арғы-бергі жағдайын біз де білетін едік. Журналистикадан тым ұзап кетпеген жазушылығын айтпайын, өтімді, өткір, білгір әрі батыл азамат болатын. Қадыр айтқандай аңқау, аңғал емес, әккі саясаткер, тәжірибелі басшы, азусыз емес, керек десеніз, өзі де кісі жей алатын. Әдебиет төңірегінде даудамай, талас-тартыс болмай тұрмайды, Имашев, Есенәлиевтерге арқа сүйеген әлдебір ағайындармен тіл табыса алмаса, оның толып жатқан өзіндік себептері болды. Ілекең дүние салғалы жиырма жылдан асты, содан бері қай дау байыз тауыпты? Бәрі бұрынғы қалпы. Және ешқандай сұмдығы жоқ, табиғи нәрсе.

Енді Ілияс Есенберлиннің өз басына келсек, “Мен оның қарауында екі-үш жыл жұмыс істедім. Сол азғана жылдар аралығында Ілекеңнің талай-талай абыройсыз әрекеттеріне куә болдым”, – дейді Қадыр. Біз де Ілекеңнің қарауында қызмет атқарып едік. Тура төрт жыл. Оның ішінде Қадырдың жаңағы екі-үш (шындығында тура үш) жылы да бар. Талай-талай абыройлы ісіне, ерлік күресіне куә болдық. Қазақтың қаншама дарынды жасына жол ашты. Ұлттық мұрат үшін аянбай айқасты. Жазушылығын айтпайық, абзал Ілекеңнің тек баспагерлік, бүкіл ұлт үшін игілікті қызметі туралы тұтас бір кітап жазуға болар еді. “Рас, ол маған жаманшылық жасаған жоқ”, – дейді Қадекең өз сөзінің тек адалдық, әділдіктен ғана туғанына меңзеп. “Жақсылық қана жасады!” дер едік біз. Және қандай жақсылық! Бүгінгі жұрт таныған ақын Қадырдың берік іргетасы ғана емес, төрт қабырғасы да осы Есенберлиннің қарауында, “Жазушы” баспасында қызмет атқарып жүрген жылдарда қаланды. Қадырдың өз тілімен айтсақ, мен де нақты куә болдым.

Қадыр аға! Дәл осы ретте жалтара алмайсың, Ілияс Есенберлин “Жазушы” баспасында директор болып тұрған төрт жылда неше кітабың шықты? Алты кітабың: “Бұлбұл бағы”, “Ақ отау”, “Күміс қоңырау”, “Домбыра”, “Бессонница”, “Белая юрта”. Ілекең Мәскеудегі атақты “Советский писатель” баспасының коллегия мүшесі еді, Қазақстан тарабынан барған жақсы кітап атаулыға жолдама, қорытынды пікір беріп, қолдап, қорғап отырды, Ілекең мақұлдмаса, бұл баспадан ешбір кітап шықпас еді. Бұл орайда да көппен бірге Ілекеңнің шарапатын көрдің. “Соловьинный сад”. Тағы бір кітап деп қой. Төрт жылда жеті кітап. Дәл осы кезеңде Тұманбай ақын үш кітап шығарыпты. Бұл да аз емес. Өйткені жоғарғы жақ – Баспаком мен Орталық комитет белгілі қаламгерлердің жыл сайын шығып кетпеуін қадағалап отыратын, былтыр ғана басылып еді ғой деп, бекігелі тұрған жоспардан келесі, тіпті арғы жылға жылжыта салатын. Мен көргенде сенің басыңда мұндай жағдай болған жоқ. Сенің Есенберлин тұсында шыққан кітаптарың, қатарлас, тіпті, жасы, жолы үлкен ақындардың өзінен сан жағынан ғана емес, көлем жағынан да әлдеқайда асып жатты. Өзің “Иірімнің” тағы бір тұсында айтқандай, ғұзырлы хатшы Камалиденовтың алдына дейін барып, әрең өткізген “Күміс қоңырау” деген, балаларға арнаған біртөмдігің одан он төрт жыл бұрын Ілияс Есенберлиннің алқауымен басылып шығып еді ғой. Ешқайда жүгіртпей, өзі шешіп берген. Рас, арада мен жүрдім. Әрине, есінде жоқ.

Төрт жылда жеті кітабыңды шығарған, қамбана екі-үш қап ақша құйған Есенберлинді ұмытқанда, ұмытып қана қоймай, қисынсыз қаншама жала тапқанда, мына біз сенің теріс назарыңа ілінбей, аман кеткенімізге тәуба айтуымыз керек сияқты. Ойлап тұрсам, мұның да жөні бар. Сен өлгендерді ғана ғайбаттап, көзі жоқтарды ғана куәға тартады екенсің.

Сол Ілекең сені өте жақсы көретін еді. Аса жоғары бағалайтын. Баспаға келе салысымен қайратты, білімдар, ұлтшыл жастарды төңірегіне топтай бастады. Ақыры, орайын келтіріп, сенің өзінді де жұмысқа шақырып, ең негізгі екі бөлімнің бірі – поэзия редакциясын қолыңа табыстады. Көп ұзамай, мен шығарған ортағасырлық “Алдаспанның” дауы қоздағанда, мұның бәрі бұрынырақ өткен іс деп, сені оттан арашалап қалды, ауызша, жеңіл сөгіспен ғана құтылдың, ал біз белбеуіміз жарасып, басқа бір несібе іздеп, “Жазушыдан” кете бардық.

Дінмұхамед Қонаевтың өзіне арқа сүйеген, берідегі Имашев, Есенәлиевтерді жүре тыңдайтын, бар ісіне берік әрі іскер Есенберлин – сені тиімді қызметке ешкімнің зорлығымен алған жоқ, сен де соншама кітапты тек мықтылығыңнан ғана емес, Ілекеңнің тікелей қолдауы, қамқорлығымен шығардың. Сенімен, менімен тұстас, қазіргі қазақ әдебиетінің белді тұлғалары қатарындағы ондаған азамат, өздері білер, білмес, Ілияс Есенберлиннің арқасында үлкен бәйгеге қосылды, Ілекеңнің мейірбан қамқорлығы нәтижесінде бір көйлекті артық киіп, бір бауырсақты артық жеді. Айта берсек, аңыз сияқты. Тек адамшылық жөні ғана емес. Ұлттың жас қайраты өсіп-жетсін деген тілек. Сондықтан да ағайынды екі балшабек Имашев пен Есенәлиев ұлтшыл Есенберлиннің бар қадамын шектеуге тырысты, Ілекеңнің өзінің шығармаларына ғана емес, жаңадан өсіп келе жатқан жастардың да алдына санкилы кедергі қойды, әрбір кітаптан ұлтшылдық сарын, компартияға, орыс халқына қарсы әуендер табуға тырысты, Димекең мен Ілекеңнің арасына сөз түсірді. Сөйтіп, ұлттың рухани ұйтқысына айналған “Жазушы” баспасына бас редактор етіп, сыннан өткен қырағы чекист Әукебаевты отырғызды, ұсақ-түйек кінәратты, әрқилы дақпыртты көбейте келе, ақыры ортағасырлық қазақ поэзиясының антологиясы “Алдаспанды” талқандады, бұдан соң көп ұзамай, Ілекеңнің өзін баспадан біржола ысырып, орнына ағайынға бұрыс, өкіметке сенімді кісісін қойды. Ілекең “Одақтың бірінші хатшылығынан үміттенген екен” дейсің, әлгіндей жағдайда ешқандай үміт жоқ еді, ол кездегі ең үлкен орын – атағы да зор, ақшасы да мол, бүкіл қазақ әдебиетінің тізгін, тағдырын ұстап отырған “Жазушы” баспасы болатын, Ілекең біржола қарусыз қалмас үшін екіншілікке көнді. Біріншіге әуел бастан белгіленген – Әнуар болатын.

Сенің сөзіңнің ыңғайымен, қайтадан баспаға оралайық. “Басқаға жасаған қиянаттарын өз көзіммен көрдім” дейсің де, жалғыз-ақ мысал келтіресің. Есенберлин әлдебір ақынның жиырма тиын ақшасын жеп қойыпты. “Мен “Жазушы” баспасының поэзия редакциясын басқарып жүрген кезде Шәміл Мұхамеджановтың шағын бір томдығын шығардық... Бала-шағасы көп. Тұрмысы жұпыны... Кітабының әр тармағына сол кездегі бір сом қырық тиыннан қаламақы қойғанмын. Оны бір сом

жиырма тиынға түсірді...” Жиырма тиынның әңгімесі осылай өрбиді. Былайша қарағанда, тым болымсыз нәрсе сияқты. Шындығында, жинақтай келсе, мәселен, он баспа табақ өлең кітабында жеті мың жол бар, жиырма тиыннан салғанда, тура бір мың төрт жүз сом. Ол кезде, қазіргі есепке жүгінсек, “Известия” газетінде беріліп тұратын ақпарат бойынша, бір долларыңыз қырық сегіз тиын; орташа қызыметкердің орташа жалақысы жүз сом – жүз жиырма сомның маңайында, ерлі-зайыпты қатарынан жұмыс жасаса, бір үйдің шай-суына артығымен жетеді, соған қарағанда, ол кездегі жиырма тиыныңыз қазіргі бір доллардан кем емес. Қайткенде де, қойылып қойған ақшаны жиырма тиынға, түптеп келгенде, барлық қаламақыны бір жарым, екі мыңға кеміту – үлкен шығын. Баспа директорының кісінің обалына қарамайтын жауыздығының белгісі тәрізді. Бар есеп осыған құрылған. Және бұл жазба бүгінгі оқырманның бір бөлігіне, болашақтағы барлық жұртқа арналып тұр. Нақтылап айтсақ, жаңсақ түсінілуге тиіс қате дерекке.

Әлбетте, кітаптың қандай көлемде, қалай шығуын шешетін – директор. Бөлімдер ұсынады, бас редакция құрастырады, директор ең соңғы нұсқасын жасайды; бірақ ақыр түбі бұл емес – болашақ жоспар әуелі Баспаком сүзгісінен өтуі, содан соң Орталық партия комитетінде бекуі қажет. Әрине, жоғарыға барғанда кейбір кітаптар қысқарып жатады, кейбіреулер жаңадан қосылады, бірақ нәтижесінде, осы жаңадан енгендердің өзі директордың алдынан өтеді. Яғни, Шәмілдің бір томдығын шығарушы – Қадыр емес, Ілекең.

Ал қаламақы алдынала бекітілген финанс жоспарының негізінде беріледі. Мүмкіндік орайына қарай, әрбір кітаптың нарқы күні бұрын белгіленіп қояды. Әрине, әркімнің сыбағасы әрқилы. Біреуге кем, біреуге артық дегендей. Мәселен, ол кезде прозадағы ең жоғарғы шек – баспа табағына үш жүз сомнан, ал поэзияда – өлеңнің әр тармағына бір сом қырық тиыннан. Бұл жоғары деңгейдегі қаламақыны Қадырдың тұсында, Ілекең – директор, мен бас редактордың орынбасары болып тұрған жылдарда ең атақты, сыйлы ақындарымыз Қалижан Бекхожин, Хамит Ергалиев, Әбу Сәрсенбаев, Ғали Орманов, Әбділда Тәжібаевтар ғана алатын. 67-жылы көктемде, мен баспаға жаңа барған кезде Сырбай Мәуленовтың кезекті өлең жинағына бір сом қырық емес, бір сом жиырма тиыннан қойылып, тура екі ай бойы Ілекеңнің есігін тоздырғанын көрдім. Ақыры алды. Қадыр мен Тұманбайдың өзі бір сом қырыққа жетсе, сол кезде ғана жетті. Яғни, тәуір ақын, бірақ жаңағы мықтылармен бой таластыра алмайтын Шәмілге бір сом қырықтан қойылуы тіпті де мүмкін емес. Мұны баспада қызымет атқарған, немесе сол жылдарда кітап шығарған көзі тірі кез келген ақын айғақтап береді. Бірақ заман озады, ол жағдайды білетін бәріміз де аттанып кетеміз, сол кезде жаңағы Шәмілдің заңды бір сом қырық несібесін жеген Есенберлин зиянкес болып шыға бермек. Өне, шолақ есеп қайда жатыр. Осыншама көпе-көрнеу өтірік бола ма екен! Болады екен. Міне, көрдік.

Ары қарай кетейік. Осы хикаяға қатысты тағы бір деректер. Шәміл жақсы бастаған, тәп-тәуір ақын еді. Мәдениетті, биязы. Жалғыз-ақ

кемшілігі бар, Қадырдың куәлік бергеніндей, шынында да “ішеді”. Және, Қадырдың айтқанына керісінше, өз ақшасына да тартынбайды, тиесілі күні, мезгілді уағында әйелі келіп еңбекақысын алып кетуі керек... Сегіз баласы бар. Ілекең үнемі жаны ашып отыратын. Ол кезде қайыра кітап бастыру – ілуде біреуге, әлбетте, үлкендер мен атақтыларға ғана тиесілі сыбаға. Бұл да бөлім емес, бастық шешетін мәселе. Шәмілдің қалың кітабының ғана емес, кезекті жинағының жоспарға енуі де Ілекеңнің қамқорлығының көрінісі болатын. Айтпайтынымызды айтып жатырмыз, осы орайдағы бір ғана мысал. Мен баспада қолжазбаның өндіріске дейінгі бар жұмысына жауапкер едім. Ол деген – болашақ кітаптың сапасы және тиесілі уақытында баспаханаға өтуі. Бөлімдердің ұсынысы, директордың келісімі бойынша, әуелі тоқсандық, содан соң нақты, айлық график жасаймын. Пәлен кітап пәлен көлемде пәлен күні өндіріске кетуі қажет. Әр кітап белгілі бір редакторға бекітіледі. Әр аптаның дүйсенбі күні жұмыс басында лездеме жиналыс. Баспахана аузын ашып күтіп тұр, белгіленген қолжазба кешікпеуі керек. Ал Шәміл бауырымыз өзіне бекітілген кітапты өмірі уақытында тапсырмайды. Апта емес, ай кешігеді. Оның үстіне... екі күннің бірінде буыны бос. Ақыры, бір күні директорға Шәмілді жұмыстан босату туралы рапорт түсірдім. Жарайды енді, қоя ғой деп, Ілекең жуып-шайып тоқтатты. Түзелер деді. Бірақ Шәміл бұрынғысынан жазбады. Арада үш-төрт ай өткенде мен екінші қайтара мәселе қойдым. Бұл жолы тікесінен. Ілекең үндемей біраз отырды да: “Шиттей бала-шағасы бар ғой, оны қайтеміз?” – деді. Мен: “Бұған дейін жүз рет ескертілді, бала-шағасын өзі ойлауы керек қой!” – дедім. Сонда Ілекең жарықтық жеңіл күрсініп, азғана отырды да, маған тура қарап: “Ол ойламаса, біз ойлайық. Обал ғой. Сен, Мұхтар, жассың. Қаттысың. Кешірімшіл бол. Әлі өмірде бұдан да сорақы нәрселерді көресің. Қайтесің соны, жүре берсін!” – деді. Әрине, ағамның мұншама кешірімпаздығына риза болғам жоқ. “Онда бұдан былай менен Шәмілдің қолжазбасы неге кешігіп жатыр деп сұрамаңыз”, – дедім. Кейін, арада ширек ғасыр өткенде, журналда бас редактормын, дәл осындай жағдай өз алдыма келгенде, ішкілікке құмар, бірақ бала-шағасы бар бір жақсы жігітті жұмыстан шығаруға обал көріп, пұшайман болып отырғанда, Ілекеңнің сондағы сөзі есіме түсіп, еріксіз бас шайқап едім.

Мұның бәрін көңірсітіп жатқанымыз, Ілияс Есенберлин ешқашан Қадырдың да, басқаның да хақысын жеген емес, ал Шәмілге қаншалық қамқорлық жасағаны – ақынның жаңағы, артық сыбаға тартып, атаулы біртөмдігін шығарып бергенінен-ақ көрінсе керек. Ал “Бір сом қырық” дейтін әңгіме болған емес, болар қисыны да жоқ, яғни, Шәміл айтты деген сөз де Қадырдың қиялы. Нәзік, еппен ойластырылған сияқты, шын мәнісінде жалғандығы соқыр көзге көрініп тұрған, тым арзан өтірік. Қалай майласа да жұқпайтын жала.

2. Зерделі кісіге бұл да ойдан шығарылған әңгіме екені көрініп тұр. Шопырдың шешесі өлгені, оны жерлеу үшін Талдықорғанға барып-қайтуға рұқсат сұрап келгені рас болар. Машина сұрауы да ықтимал. Бірақ бұл – қызымет машинасы. Ілекеңді кез келген уақытта жоғарғы

жақтан шақырып қалуы мүмкін. Басқадай жұмыс қажеттері. Кәрі кісі көшеден такси іздеп жүрмейді ғой. Оның үстіне, мекемеге бекітілген мемлекет мүлкі. Бермеген. Бары осы. Ал енді мәймөңкелеп, машинамен бара ғой деп, қолма-қол гараж бастығына анау машинаны берме деп және алдында отырған жасы кіші інісінің (Қадырдың) көзінше өзін кемітетін қаншама артық сөз айтуы мүмкін емес. Шопырдың өзіне, айналайын, машинаның жайы былай ғой, дер еді. Ал, бердім деп алдап жіберіп, артынан гаражға телефон соқсын. Әлгі шопыр гараж бастығына тоқтай ма. Қайыра телефон шалады, немесе, анау бермей жатыр деп, Жазушылар одағының ауласынан екінші қабатқа қайта көтеріліп, шағымданып келеді. Басқаны былай қойғанда, таудан-тастан қайтпаған Ілияс Есенберлин өзінің қарауындағы шопырға “Машинаға өкпелеме, айналайын, Талдықорғанға барып-қайту қиын емес қой, жолың болсын”, – деп айта алмай ма. Тым арзандап кеттік. Осы әңгімені бықсытып отырған Қадыр ғана емес, қатын өсекке соншама қара тер болып отырған біз де. Басқа салған соң амал не, енді ақырына дейін былғанайық. (Жалпы, Ілекеңнің мансап машинасына құмарлығы жоқ еді. Баспадағы кезінде директордың ақ “Волгасын” маған беріп қойған. Үйі жақын, әрі машинаға мінсе, басы айналатын. Шұғыл шақыру болмаса, ертерек қозғалып, Баспакомға, немесе Орталық комитетке жаяу баратын.)

3. Ілекеңнің СССР Мемлекеттік сыйлығына ілінбей қалғаны туралы. Табалау емес, қынжылу керек еді. Бастан-аяқ кекесін. Ол заманда, тіпті, қазір де, қолы жетсе, кім сыйлық алғысы келмейді. Одақтық сыйлықтың жөні тіпті бөлек. Бір кісінің емес, бүкіл халықтың мерейі. Ал, Қадыр, сен Есенберлинге, тіпті, Қазақстан сыйлығының өзін артық көретін сияқтысың. “Республика сыйлығын “жеңіп” алды” деп (Ілекең сен айтқандай, Ғабенмен қатар қосылған жоқ; Ғабен, атаулы жаңа кітабы дайын болмай қалып, келесі кезекте түскен) қыжыртасың. Сен де сол сыйлықты жеңіп алдың ғой, ешқандай тырнақшасыз. Бас тартқан жоқсың. Керісінше, естеліктің тағы бір тұсында, онсыз да алатын едім деген астамшылық танытасың. Газеттегі нұсқада, жаңылмасам, “пісіп тұр еді” деген тіркес бар. Бұл ретте, айрықша қамқор болған Жұбан ағамыздың өзін де құрбанға шалып жіберіпсің. Жұбақаңның қолдауымен емес, қарсылығын жеңіп сыйлық алған сияқты кейіп танытасың. Немене, Тұманбай әлі шикі ме еді? Сенің алғашқы өлеңдерің жариялана бастаған кезде оның кітабы шыққан, сен алғашқы кітабыңды бастырған кезде алашқа танылған. Бірақ сен бұрын алдың. Өзіңе тиесілі сыйлықты, және сәтімен. Сәтімен болатыны, піскен нәрсенің бәрі ауызға түсе бермейді. Сол, тиесілі сыбағанды өзіңе және уақытыңда бұйыртқан ағана алғыс айту керек еді. Екі жылдан соң оралған келесі бәйгеде Тұмағаң жүлделі болды. Шындығында, екі жыл, төрт жыл емес, он жыл бұрын алса лайық еді. Бірақ сәті сол, 82-жылы түсіпті. Біз де әуел бастан шикі емес едік. Жақында, өзім қатты сыйлайтын Алаш азаматтарының бірегейі, парасаты мол Алтынбек Сәрсенбаев бауырым менің баяғы заманда жазылып кеткен, ежелгі әдебиет тарихын әйгілеген еңбегім мемлекеттің ең жоғарғы марапатына лайық деп бағалапты. “Қобыз сарыны” деген атпен белгілі

болған бұл зерттеуімді мен жиырма бес жасымда жазып бітіріп, сол жылы негізгі тарауларын жарияға шығарған едім. Жиырма сегіз жасымда, 68-жылы кітап болып басылды. Ілекеңнің арқасында. Бірақ үкіметімізден алғыс емес, сөгіс естідік. Ақыры, қатарымыздан озып, жолымыз ашылып, “Аласапыран” деген тарихи роман-дилогиям үшін, Тұманбай ағамнан соңғы бәйгеде, 84-жылы (бірге өскен, қанаттас досым Әбіштен бұрын), мен де Мемлекеттік сыйлыққа іліндім. Мықтылығымнан емес, көкте аруақ-құдай алқағаннан, жерде сол кезде Жазушылар одағының бірінші басшысы болып отырған Олжас ағам қолдағаннан. Олжас болмаса, дәл сол жолы маған сыйлық неғайбыл еді, бәлкім, тағы қаншама жүрер едік. Өне, қазақ прозасының мәдениетін бір белеске көтерген Сайын әлі күнге ешқандай лауреат емес, ал екінші бір үлкен жазушымыз Әкім Мемлекеттік сыйлықты кеше ғана алды. (Олар прозашы ғой десең, өзіңмен қай жағынан да қатарлас Жұмекен сол сыйлыққа жетпей кетті, ал өкшеңді басып келе жатқан, қазірде қазақты тауысып, орыс тілінде өлеңмен роман-эпопеялар жазуға көшкен, ағайындарының айтуынша, әлемге танылған М.Шаханов бұл тараптан мүлде күдер үзіп, бәйгеге түсудің өзіне батпай жүр.) Мұның бәрін тізбелеп отырғаным, сен жақсылықты білмейді екенсің, Қадыр. Мезгілінде тиесілі марапатқа жеткізген Жұбақанды бір ауыз алғыспен еске алмағанда, кімді жетістіресің. “Оған мен өзім куәмін!” – дейсің де, сықпырта бересің. Есенберлин бар “арам” ісін сенімен ақылдасып шешкендей. Әсіресе, осы, сыйлыққа қатысты “қазақы қулығында”. Бірақ әңгімеде бір шындық дерек бар. Ол – ақыр түбінде Әнуар мен Ілекеңнің одақ басшылығынан кетуі, бірінші хатшы болып – Жұбан ағамыздың келуі. Бұдан арғы кеңес тағы да бұлдырай бастайды. Жұбақан келген соң сенің кең дүниен қайтадан тарылып, дайын тұрған сыйлықтан айрылып қала жаздапсың...

4. Жазушылар одағының қабылдау комиссиясының бастығы болып, сенің орнына Ахат Жақсыбаев сайланыпты. Сөйтсең, бұл – сені жылжытқан Ілияс Есенберлиннің “алдағы съезге алдынала дайындығы екен”. “Жазушылар одағына шын ақын, шын жазушы емес, өздеріне дауыс беретін пенделер керек екен”. Бұл арада сен Есенберлинді “әшкерелеймін” деп отырып, біздің қаламгерлер қауымының ортасында ешкім ешқашан адалдығына, турашылдығына күмән келтіріп көрмеген Ахат Жақсыбаевқа күйе жаға кетесің. Өзіңнен басқа жұрттың бәрі арам екен.

5. Өзің әйгілеген барлық алқаштар сияқты, Есенберлиннің де бір заманда ішкіш болғанын еппен жеткізіпсің. Сондай мазмұнды өлең шығарғаны үшін Ілекең “Ғафу Қайырбековты адам ретінде, ақын ретінде қабылдамайтын... Ғафу үшін Ғафудың бүкіл жерлестерін жек көретін.” Мұндай жағдай сенің “ақылыңа сыймайды” екен. Сонда деймін-ау, Ілекең де қызық. Ғафекеңнің бір ауыз әзіл өлеңін көтере алмаған кісі, сол Ғафудың орнына, болашақта өзі туралы тоғыз бөлімнен тұратын тұтас бір пасквиль жазатын Қадырды қалайша шақырды екен! Иә. Бүкіл баспаны жаңартып, әдеби өмірге тың тыныс берген Ілекең байсал тартқан Ғафекеңді Одаққа қарай ысырып, соның орнына жас деп, жігерлі деп,

адал деп, акын деп басқаны емес, сені шақырып еді-ау. Сол үшін де кінәлайсың ба? Ал біз білгенде Ғафекенмен ешқандай реніші болған емес. Жек көрді деген де бекер сөз. Қиянатқа бармаған, керісінше, ақындығын жоғары бағалаған. Оның айғағы – Ғафекеннің Ілекең баспада директор болып тұрған кезде бөгеліссіз шығарған кітаптары. Әрине, сан жағынан алғанда Қадекеңе жетпейді, бірақ әжептәуір: төрт жыл – аз-кемі жоқ төрт кітап, мұның соңғысы “Дала саздары” Ілекеңнің кезінде жоспарланып, дайындалып, келер жылы шықты.

6. Есенберлиннің кезекті бір қиянаты нәтижесінде медальға ілінбей, грамота ғана алған, мұндай әділетсіздікке шыдамай, “Марапаттау грамотасын жұрттың көзінше жыртып-жыртып қоқысқа лақтыра салған” Сағи акын туралы. Бұл жағдайды белгісіз біреу директорға жеткізеді, сол-ақ екен “Есенберлин милиционер шақыртып, Сағиды қаматып тастайды”. Бірақ көп ұзамай “Сағидың қатарлас досы” (емес, Ілекеңнің өзінен үлкен ақсақал) Әбдірәшит Ахметов келе қалып, “бір сағаттың ішінде Сағиды босатып алады”. Лениннің жүз жылдығына орай медаль, грамота үлестіру кезінде мен де баспада қызымет жасайтын едім. Және басшылардың бірі саналам. Мұндай әңгіме әжептәуір дабыра болса керек еді, ештеңе естімедім. Ленин тойына қатысты грамотаны жырту – совет өкіметі мен коммунистік партияға қарсылық есепті, сол үшін қамала қалса, қайта шығуы оңай емес. Сірә, Сағи, рас болғанның өзінде, басқа жолы, басқа бір жағдайда түскен. Есенберлин – түрмеден, айдаудан өткен кісі, саяси айыптың арты неге соғарын жақсы біледі, ренжіген күннің өзінде жұртқа жария болмауын қадағалап, Сағига ұрсып қана қояр еді. Бұл ретте де артық тұздық құйылған әсіре әңгімеге ұшырасып отырмыз.

7. Ілияс Есенберлиннің “шындық, әділдік, деген ұғымдарға мән беріп жатпайтын” айрықша арсыздығы туралы әңгіме. Сірә, Қадекеңе тиесілі орденді “өз романдарын орыс тілінде жолма-жол аударған Төлеу Шаханов деген орыс тілді жас акынға бере салады.” Бұл кезде Қадырдың өзі де отыздың ортасында ғана, ал әлгі Төлеу марқұм да сол отызға ілінген, қазақ ішінде болмаса, ресми ортада атағы әжептәуір. Оның үстіне, Есенберлин романдарын жолма-жолға орысшаға жүйрік, бірақ бар ісінде берекесіз Төлеу Шаханов емес, ақындығы түйте болғанымен, тілге жетік, ең бастысы – іждағатты Ғаббас Жұмабаев аударатын. Ілекең Жазушылар одағынан бөлінетін ақшаға қосымша, өз жанынан үстеме төлейтін. 70-жылы Қырымға, Көктөбелге бірге барғанымызда ай бойы осы Ілекеңнің кезекті романымен отырған еді. Ең бастысы – орден мәселесін екінші хатшы шешпейді, оның үстіне, мекемеге белгілі бір марапат бөлінгенде оның болашақ иесінің жас мөлшері, қызымет жағдайы, т.т. алдынала ескертіледі, яғни, ұсынылған адам тиесілі анкетаға сәйкес келуі керек. Егер Ілекең өзіне жақын, ең керекті кісіге бере алса, бұл орден Қадырға да, Төлеуге де емес, тарихи кеңсеші, әдеби жабық редактор маған бұйырар еді. Және сен Ілекең бұрып кетті деп отырған “Құрмет белгісі” – жазушыларға бөлінген жалғыз орден болмаса керек. Сол жолы да, одан кейін де, өзінді білмеймін, талай қаламгер талай орден

алды. Қазір қайда қалды сол темір? Отыз жыл өткен соң несіне жоқтап отырсын?

8. Тоқаш Бердияровтың “Ілияс Есенберлиннің оң қолын артына қайырып... қинаудайын-қинап” жатуы. Ілекеңнің екінші қабаттан “ойбайлаған, айқайлаған” даусы үшінші қабатта, “Жұлдыз” журналының редакциясында отырған Қадырдың құлағына шалынады. Осының алдындағы сәтте Тоқаш редакцияның кең бөлмесінде отырған бес-алты жігіттің алдында жалғыз аяғымен тұрып фокус көрсетіп, оған болмаған соң “үстел үстінде жатқан ұстараны алып”, “уысына салып мыжғылап”, “алақаны қып-қызыл қан болған”. Енді, келер мезетте жаңағыдай жағдай. Редакциядағы жігіттер ғайып болған, таяу төңіректе тағы ешкім жоқ. Саққұлақ, елгезек Қадекең үстіңгі қабаттан екі-ақ аттап түсіп, “хатшыны аяған ештеңесі жоқ”, “қаусаған кәрі адамды аяп”, азаптан арашалап алады. Ілекең, сірә, өне-бойы Тоқаштан жұккан қан, бас сауғалап, “тез-тез кабинетіне кіріп кетеді”.

Бұл арада, мана айтылғандай, Ілекеңде емес, Қадырдың өзінде логика және тағы бірдеңелер жетіспей жатқанын аңдау үшін криминалист тергеуші болып қажеті жоқ. Мұндағы жалғыз шындық – Тоқаштың (Тоқаш қана емес, сол тұстағы тағы бірнеше жазушының) өзін де аямай, өзгеге де күн бермей, құтырып жүретіні. Жап-жақсы ақын, бірақ қаны бұзылған қияли Тоқаштың өзін-өзі жаралауы туралы мен басқа бір тараптан, басқа бір әңгіме естіген едім. Оқиға “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясында, бас редактор Нығмет Ғабдулиннің алдында болады. Қараптан-қарап тұрып өзін-өзі қатты жаралаған Тоқаш ешкімге тиіспейді, тісін қайрап, қанын ағызып тұра береді. Нықаң қолма-қол дәрігер шақыртыпты. Тағы бір ретте Тоқаш әлденендей шаруамен Жазушылар одағына бас сұкқан, қасынан өтіп бара жатқан бір бейсауат, қартаң профессордың аузын бұзып қойғаны бар. Жұрт жапырлап, милиция шақырғанша қашып кетіпті. “Иірім” авторы, сірә, осы екі әңгімені қосақтап, Ілекеңе байланыстырып, жаңа хикая жасаған. Ілекең намысқор, өжет кісі еді, қартаң болса да “қаусаған” емес, қайратты, ширақ, мас жындыға әл бере қоймайды, қайткенде де қашпайды, қолында өлер еді. Оның үстіне, Қадекеңнің айтуынша, күні кеше ғана өкіметтің грамотасын жырты деп Сағиды қаматып қойғанда, өз басын қорлаған Тоқашты қалай кешірмек. Мекен-тұрағы белгілі, тауып алу қиын емес, тіпті болмағанда, осындай бұзақылық үшін Жазушылар одағының мүшелігінен шығару опонай ғой. Яғни, сегізінші әңгіме де Қадырдың жалалы қиялының жемісі. Мақсат Ілияс Есенберлинді қайткенде де сорлы етіп көрсету. Алайда, бұл ретте де Қадырдың жаласы қайта айналып өзін тапқан.

9. Жазушылардың жаңа үйін бөліске салғанда Есенберлин “өңшең ішкіштерді бір подъезге жіберіпті”. Міне қаскүнемдік. “Өзі де шығайын деп тұрған көз еді”, – демекші, жақын жерден бастары қосылған соң, арақ ішу науқаны мүлде жаңа сыпатқа ие болады, ақыры “солардың ішінде бүгінде тірі қалған біреуі жоқ”. Ішу, жығылып құлау – әркімнің өзінің азаматтық құқығы. Ілекең ешкімнің аузына зорлап арақ құймаған болар. Ең бастысы – “ақ үйді” бөлу ісіне Ілияс Есенберлин мүлде қатыспаған.

Бұл туралы манағы, аталмыш мақаласында, сол бөлістің басы қасында болған, ол кезде Әдеби қордың бастығы қызыметін атқарған Ғаббас Қабышев арнайы жазды. Үй – осы Әдеби қордың ақшасына салынған, ал пәтер бөлетін комиссияның төрағасы – Шерхан Мұртазаев екен. Жалпы, мен білгенде, онсыз да басындағы айқайы көп Ілекең мұндай даулы, ақыр түбі өкпелі, абыройсыз шаруаға араласпайтын. Әуелгі “сары үйді” бөлгенде де кіріспеді. Мен Ілекеңмен тым жақынмын, бұл кезде қала шетінде, 9-микроауданда тұратын едім. Ағама өтініш жасағанда, ешқандай көмегі жоғын тура айтты. Өкпелей алмадым, сол әуелгі, үш бөлмелі үйді баспаға шақырып келтірген бетте өзі алып берген. Үмітімді үздім де қойдым. Ілекеңнен қайыр болмаған соң Әнуарға бармадым. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан жаңа үйлі болып шыға келгенім. Ең соңғы бөліс кезінде мәжіліске қатысқан Олжас сыртқары қалған кісілерді түгендеп отырып, менің де арызыма көзі түсіпті. Бұл сондай да сондай керемет, үй берілсін дейді ғой. Сөйтіп, төрт баламызбен, орталыққа салынған жаңа үйден әдемі, кең үш бөлмеге ие болдық. Үш балалы Қадыр төрт бөлме алды. Әрине, бұл кезде (қазір де) Қадекеңнің атағы бізден зор, әрі өкімет пен партияға (нақтылап айтсақ, Имашев пен Есенәлиевке) сүйкімді, неге былай деген түйткіл болған жоқ. Тек Қадекең пәтер төменгі қабаттан тиді деп өкпелеп жүрді. Сірә, бар пәлені Ілекеңнен көрсе керек. Ал Ілекеңнің, анығы сол, “ақ үй” сияқты, “сары үйге” де ешқандай қатысы болмап еді. Мен, қайталап айтайын, Ілекең өкпелегем жоқ, ал сұраусыз-ақ жарылқай салған Олжас ағама алғысым шексіз. Өміріне, тіршілігіне, бар жазуың мен бала-шағаның болашағына қатысты жақсылықты ұмытуға бола ма. Міне, осы, амалсыз жазылған жаман мақаланың ішінде Олжекеме жұртшылық алдында алла жарылқасын айтудың сәті түсті. Тек Жамбыл атамның көшесіндегі үй ғана емес. Кейінгі, Құрманғазы бабамның көшесіндегі, 1985 жылдан күні бүгінге дейінгі құт мекеніміз болып отырған төрт бөлмелі пәтерді де маған өз қолымен бекітіп берген – Олжас Сүлейменов еді. Орайы келген соң айтып отырмын. Жалғыз шапқан ат ешқашан жүйрік бола алмайды. Қанша мықты болса да, қолдаусыз, қорғаусыз кім мұратына жетіпті. Менің мен болуыма алаштың қаншама азаматының өлшеусіз еңбегі сіңіп еді. Бұлардың ішінде Ілияс аға Есенберлиннің орны тіпті бөлек. Тек мен ғана емес, дарыны бар деп білген жас атаулыны қолынан келгенінше түгел жарылқады. Сол топтың бел ортасында, Қадыр аға, сен де бар едің! Ақыры мынандай болды. Өзіңмен қоса, мені де балшықтатып отырсың.

Біздің жазарман атаулыда өзін қалған жұрттың бәрінен артық санайтын бір мінез бар. Біреу іштей тынса, енді біреу ашық айтады. Ұнамсыз әдет деп ойламаймын. Өзіндік сыпат. Өйткені, әрбір қаламгер өз жолын оң көреді, өзінің жазу машығын ұтымды санайды, өзінің ой-толғамын дұрыс деп біледі. Және өзінің мінін аңдамау, аңдаса да кешіріммен қарау, ал басқаның кемшілігін көргіштік – жалпы адам баласына тән ғадет. Сондықтан әлдебір тәуір (мықты, орташа, тіпті, шамалы) қаламгер ешкімді ұнатпай, жағалай сынап жатса, мұнда қателік болар, бірақ әбес ештеңе жоқ, әдеби үрдіс үшін үйреншікті жағдай. Естелік әңгіменің – құй

жазушы болсын, күй басқа бір кәсіптегі жан болсын, өткен, яки бүгінгі, ілгері не қатарлас кісілердің жеке басына қатысты хикаяның жөні мүлде бөлек. Бар, болған оқиғалардың өзін іріктеуден естелік авторының қаламгерлік тұлғасы ғана емес, адамдық кейпі де танылады. Ал ойдан қиыстырылған, тек жалаға ғана құрылған, жалған естеліктің жөні мүлде бөлек. Жазарман өзі жамандап отырған адамға емес, өзіне, өзінің жеке басына үкім шығармақ. Тасқа таңбаланған, қатал, қаралы үкім. Қадыр ақынның Ілияс Есенберлин турасындағы “естеліктері” осындай күнәкар ойға ғана жетелейді. Жиренішті демейін, өте аянышты жағдай.

Құрметті Қадыр аға! Мен сені тым жақсы көретін едім. Сен университеттің соңғы курсы, мен оқуға жаңа түскен бала, 1957 жылдың соңында таныстық. Одан бері де қырық жеті жыл, бір адамның өмірі өтті. Өзімнің “Мен” деп аталған естелік кітабымда ілтипатпен жазғам. Бойдақ студенттер – Әбіш екеуіміздің сендердің үйлеріне барып, шай ішіп, палау жейтініміз, 1963 жылы арнайы шеберханадан маған жазу мәшіңкесін тандап бергенің... (Мына еріксіз хатты сол мәшіңкемен жазып отырмын... – жүрек сыздайтын, аса жайсыз ахуал.) Сенің елбірей күтіп, құдайдан тілеп алған алғашқы балаңның шілдеханасына барып едік тағы да жаңағы Әбіш екеуіміз... Сені білмеймін, мен өзім барлық уақытта саған тілектес болдым. Аспирантурадан соң, “Қазақ әдебиетіне” келген алғашқы қадамымнан бастап, баспасөз тұтқасында отырған барлық уақытта сенің абыройыңның көтеріле түсуіне аянбай ат салысқан едім. Ең соңғы, ескі бүлініп, жаңа дәуір қалыпқа түспеген ауыр жылдар... өзің “Иірімде” атап жазғандай (90-бет), банктегі бар ақша күйіп кеткен, “үйде жұмыссыз, жартылай аш отырған” күндер... Бұл кезде жетіскен ешкім жоқ. Бірақ көбіміз жұмыс басында жүргеміз, аз-маз күнкөріс жағдай. Мен мүлде тақырға отырып қалған “Жұлдызды” тастап кете алмадым, біржола тоқтап қалса, бар айыбы маған жабылатындай көрінді, журналдың жауапты хатшысы, сен өз естелігіңде орынсыз ғайбаттаған Ахат Жақсыбаев екеуіміз, бүкіл Қазақстанды ақтап жүріп, өндіріс орындарын сағалап, жекелеген билікті, дәулетті азаматтардан көмек сұрап, тіпті, көршілес Өзбек еліндегі қазақ қоныстарына дейін барып, кейде сырттағы, қолы ұзын жазушылардан, мұндағы жағдайы бар ақсақалдардан тиын-тебен түсіріп, өйтіп-бүйтіп азды-көпті қаражат жинап, ай аралатып болса да, үйреншікті көлемін жұқартып болса да, журналды үздіксіз шығарып тұрдық. Сол қиын кездің өзінде жазғандарың тоқтаусыз, көбіне-көп жылына екі мәрте басылып тұрды. Басылғаны ештеңе емес, жағдайыңды ескеріп, саған мол кесімді қаламақы беріп отырдық. Әрине, адал ақың. Бірақ, менің қалтамнан демейін, “Жұлдыздың” азғана қорынан жырмыштап әперуші едік. Сол кез емес, күні бүгінге дейін журнал қаламақы беріпті дегенді естідің бе? Алған – сен ғана. Ақындығың үшін, азаматтығың үшін. Әрине, сен қашанда еңбегіңнің есесін тауып жүрген жігітсің. Жаманның әдетімен бергенімді айтып отырғам жоқ. Барлық уақытта да саған деген пейілімнің түзу болғанын есіңе салғаным. Шыңғыс хан, яғни өткендегі қазақ тарихына ұлттық көзқарас туралы дабыралы әңгіме шыққанда көлденең жұрттың

көбі “мына екі қошқардың басы” неге сыйыспай жатыр деп реніш білдірді. Бұл жолы да, түсінген адамға, мәселе мүйізге тіреліп тұрған жоқ. Сайыпқыран Шыңғыс хан – біздің түп тарихымыздың тұтас бір дәуірі болса, Ілияс Есенберлин де, белгілі бір кезеңдегі ұлттық рухани өміріміздің елеулі бір тұлғасы. Көпе-көрнеу жала мен жойдасыз қиянатты көре тұра үнсіз қалу – обал болар еді.

Ілияс Есенберлиннің бүкіл өмірі, әсіресе біз жақсы білген соңғы он сегіз жылы қазақ жұртының мерейін көтеру жолындағы қатал, аяусыз күрес үстінде өтті. Сен “жолы болғыш” деп кекеткен ағамыздың әрбір кітабының шығуы – қияметтің қыл көпірінен өткендей азап болды. Жоғарыда – Имашев пен Есенәлиев кейпіндегі өкімет пен партия, төменде – “Жазушы” баспасының сырқат саналы көсемдері – Әбілмәжін Жұмабаев пен Есет Әукебаев, қала берді, қызымет бабымен, немесе өзі тіленіп көлденеңнен қосылған тағы қаншама жандайшап – енді бәрі өтіп болған кезде, дау-дамай тынған кезде жаңа күш, тың толғаныспен сен келіп араласыпсың. Қайталап айтайын, абырой таппадың. Соншама не көрінді? Бір Есенберлин ұлтшыл атанып, жас кезінен қартайғанша – елу жыл бойы лақтырылған тас астында шәйіт болған. Екінші Есенберлин – шын мәнісінде ұлтшыл жазушы, өзінің арғы, бергі қазақ тарихын айғақтаған тарихи шығармаларымен ғана емес, замани тақырыптағы, күні бүгінге дейін бағасын таппаған тамаша романдарымен, һәм бүкіл адамдық болмыс-бітімі, күрескерлік тұлғасымен әлі тірі. Және дүние қанша төңкерілсе де, қазақ халқымен бірге жасайды.

Ол да халқының үлкен әдебиетінен орын алған атақты ақын неге бұра тартты деп талдай бастасақ, тым тереңге кетеміз. Ең негізгі кілтипан – ақынымыздың ақиқаттан ауытқуында. Ең алдымен өз басын сыйламауында. Нәтижесін көріп отырмыз.

Қадыр! Сен осы кітабыңның басқа бір тарауларында сағынышпен еске алған совет заманында, бұдан отыз-отыз бес жыл бұрын айтылған бір әуезің бар еді: “Өткізу үшін шындықты, – Өтірік қостым ішіне...” Мен өзімнің кейіндегі бір мақаламда, әлде кітабымда мысалға келтірдім, ақылды әрі ұлтшыл ақынымыз осылай деп жазып еді, рухани қысас мұншама зардапқа жеткізді, қанша ауыр болса да ақынға оңай, өтірік өлеңді кезекті жинақтардан іркіп қалуға болады, ал прозашы романының тұтас тарауын қысқартып тастай алмайды, не түгелдей өтірік айтуға, не мүлде жазбай қоюға мәжбүр деген сарында. Сені кінәлағам жоқ, замана суретін тап басты деп көрсетіп едім. Қазір еркін дәуір. Басқа болмаса да, сөз тәуелсіз. Сен де тұтасымен төңкеріліп түсіпсің. Бәрі керісінше. Енді сол, өзің жек көрген, жиіркенген өтірікті өткізу үшін ғана арасына шындық қосылған сияқты. Бірақ бұл шындықтың қай жерден басталып, қай жерде бітетінін ажыратып алу қиын. Есенберлин туралы жазбаларыңнан соң маған бар сөзің өтірік сияқты көрінеді. Әрине, олай емес. Сен қажет еткен жағдайда, шындықтың өзін шырқыратып айта алатын азамат едің. Қалай дегенмен, соның кейбір жұқаналары “Иірімде” де көзге ұрып отыр.

Мәселен, сен өзіңе қаншама жақсылық жасаған, Жазушылар одағына игілік әкелген Әди Шәріповтың үстінен Орталық партия комитетіне арыз жазғаныңды ашып айтыпсың. Әрине, жалғыз өзің емес. Белгілі бір топқа қосылып. Бұл ретте де әйтеуір Әнуар Әлімжановты әшкерелеу үшін өзін құрбандыққа шалып отырған жоқ па деген күмән туғанмен, адалдығыңа сендік. Өз басын кішірейтіп, әдепкі бір кінә емес, үлкен күнәні мойындау – шын батырлық. Ағат ісінді жуып-шайып, жұрт алдында арылайын деген шығарсың. Тек осы үшін ғана сені сыйлауға болар еді.

Ал енді, Ілияс Есенберлин турасындағы мына, жеке өзіңе ғана тиесілі жазбаларың – баяғыдан он, жүз есе артық күнә. Адам алдындағы ғана емес, әдебиет алдындағы, қазақ халқының XX ғасырдағы рухани тарихы алдындағы. Сыпайылап айтқанда, елден ұят болды. Жүз мың қазақ оқитын “Жас алашқа” жарияладың. Газет – бір күндік деп көңіл жұбатар едік, жұрт оқысын, оқымасын, архивте, рухани қоймаларда жүз жыл сақталып тұратын кітап ретінде тағы бастырып шығардың.

Бірақ ақыр соңы бұл емес. Бүлінген істі түзеуге болады. Ол үшін, басқасын көре жатарсың, дәл осы “естеліктің” Ілияс Есенберлинге қатысты баптарын кері айналдырып, қайта жаз. Қайыра қапсырып, жаңадан жазарда мынау қазақ деген халқыңнан, Ілекеңнің кім екенін білетін қаламгер қауымнан кешірім, ең бастысы – ардагер ақсақалдың өшпес рухынан кешу сұрап, жаздым-жаңылдым мақала шығар. Сол лениншіл “Жас алашқа”. Сонда ғана қырық жыл бойы халқың таныған Қадыр бейненді табасың. Достық ақылым.

Егер пендешілікпен, бәлду-бәлду бәрі өтірік, яғни, сенің айтқаның түгел теріс, менің айтқаным түгел шындық деп, қарымтаға көшсең, бар әңгіме осы Ілекең төңірегінде ғана болсын. Өнбес дауды көбейтіп қайтесің. Өйткені сенің кітабыңда... бәрі былығып, бәрі былғанып жатыр. Біз қоянның қуырдағы төңірегінде ғана әңгіме қозғадық. Қайталап айтайық, қиналып отырып, амалсыздан.

Сөз соңында... қаншама уақытын бөліп, осы мақаланы оқып шыққан, әдебиетке деген, қаламгер қауымға деген ілтипат-құрметі мен таза сезімі лайланған ағайын-туыс қазақтан түгел кешірім сұраймын.

Іләйім, жақсылықпен көрісіп тұруға, жақсылық төңірегінде ғана кеңес құруға жазсын. Алла тағала ұлтымыздың үлкен-кішісін шайтанның азғыруынан сақтап, тура жолға бағыттай бергей!

28.IV.2004.